

## Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 12 мамырдағы № 75 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 14-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық одақ құқығына кіретін актілерді оңтайландыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

### 1. Мыналардың:

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 27 сәуірдегі " Кедендік әкелу баждарының Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық валютасындағы сомалары үшін АҚШ долларында ақша қаражатын сату (сатып алу) көлемдері туралы есепті ұсыну туралы" № 37 шешімінің;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 1 қыркүйектегі " Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 37 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 107 шешімінің;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 19 желтоқсандағы " Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 37 шешіміне қосымшаға өзгерістер енгізу туралы" № 174 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*